

**АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ КӨКӨНІС ШАРУАШЫЛЫҒЫ:
ЖАЙ-КҮЙІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

VEGETABLE GROWING IN ATYRAU REGION: STATUS AND PROSPECTS

ОВОЩЕВОДСТВО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ: СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ

R.K. САБИРОВА^{1*}

э.ғ.к., профессор

M.D. ДИНГАЗИЕВА¹

экономика ғылымдарының магистрі

D.SH. ФАЙЗИЕВА²

Ph.D

¹*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан*

²*Ташкент мемлекеттік экономикалық университеті, Ташкент, Өзбекстан*

** автордың электрондық поштасы: sabirovarysty@mail.ru*

R.K. SABIROVA^{1*}

C.E.S., Professor

M.D. DINGAZIYEVA¹

Master of Economic Sciences

D.SH. FAYZIEVA²

Ph.D

¹*Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan*

²*Tashkent State University of Economics, Tashkent, Uzbekistan*

**corresponding author e-mail: sabirovarysty@mail.ru*

R.K. САБИРОВА^{1*}

к.э.н., профессор

M.D. ДИНГАЗИЕВА¹

магистр экономических наук

D.SH. ФАЙЗИЕВА²

Ph.D

¹*Атырауский университет им.Х. Досмухамедова, Атырау, Казахстан*

²*Ташкентский государственный экономический университет,*

Ташкент, Узбекистан

**электронная почта автора: sabirovarysty@mail.ru*

Аңдатпа. *Мақсаты* - Атырау облысының экономикасын әртараптандыру процесінде көкөніс шаруашылығы саласының дамуын негіздеу. Әдістемелік аспектіде көкөніс дақылдарын өсіру бойынша зерттеулер дедукция әдісі негізінде жүзеге асырылды, оның салдары өңір шаруашылықтарының көкөніс өнімдері экологиялық қауіпсіз деген қисынды қорытынды болып табылады. Талдау және синтездеу *әдістері* жанар-жағармай материалдары бағасының өсу кезеңінде өндірістің бәсекелес параметрлерін және оны қарқындалту деңгейін айқындау кезінде пайдаланылды. *Нәтижелері* - облыстың көкөніс секторының қазіргі жай-күйі, проблемалары мен әлеуетті мүмкіндіктері талданды, көкөніс кіші кешенінің рентабельділігі көрсетілді. Менеджмент саласын кеңейтуге, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына басқару шешімдерін қабылдау үшін маңызды уақтылы және объективті ақпарат беруге бағытталған ұсынымдар әзірленді. *Қорытынды* - көкөністердің жаңа сорттарын шығару, оларды апробациялау және практикаға енгізу жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұдайы жандандыру қажет, бұл аз шығынмен өнімділікті арттыруға мүмкіндік береді. Секционерлер көкөніс өнімдерінің сапасына, оларды сақтау мерзімдеріне, адам денсаулығына пайдалы қасиеттеріне және жергілікті климаттық жағдайларға бейімделуіне назар аударуы тиіс. Авторлар биомасса қалдықтарын және ақаулы төмен сортты тауарларды қайта өңдеу бойынша цехтар құрудың орындылығын атап өтеді. Көкөніс өсіру нарығы жоғары сыйымдылыққа ие және тұрақты сұраныспен сипатталады деген қорытынды

сындағы санкциялық текетірестердің еліміздің азық-түлік қауіпсіздік жағдайына теріс әсер етіп отырғандығы, оның геосаяси, қажылық және экономикалық дағдарыстың аяғы азық-түлік дағдарысына жалғасуы орын алғандығын, ауыл шаруашылығының, оның ішінде егін шаруашылығының дағдарысқа қарсы дамытудағы стратегиялық маңыздылығын негіздей келе, қауіп-қатерге қарсы тұруда егіншіліктің тиімділігін арттыру қажет деп қорытындылайды (Нурпеисова А.А., Нурахова Б.Ж.) [9].

Өсімдік шаруашылығында қарқынды жұмыстардың арқасында елдің азық-түлік қауіпсіздігі, өңірлердегі жұмыспен қамту, еңбек бөлінісі, ауыл шаруашылығында дұрыс шешім қабылдауға біртіндеп қол жеткізілуде. Алайда әлі де қордаланған мәселелер бар.

Мамандардың айтуынша Қазақстанда көкөніс шаруашылығын дамытуда бірқатар кедергілер бар, олардың негізгілері көкөніс дақылдарын өсірудің биотехнологиясы жеткіліксіз дамыған, көптеген ауыл шаруашылық жұмыстары ескі әдіспен жүргізіледі, фермерлердің біліктілігін арттырудың төмендігі, органикалық өнімдерді сертифицикаттау мен стандарттау, таңбалауға қойылатын талаптардың жоқтығы, органикалық өнімдерді сату көздері толық қарастырылмағандығы және көрші және алыс шетелдерден әкелінетін көкөніс бағасын әдейі төмендету мен олардың бәсекелестігі де әсер етеді (Гриднева Е.Е., Калиакпарова Г.Ш.; Болатбек Б.Б., Бектурганова М.С., Сатбаева Г.С. және т.б.) [10,11].

Материалдары мен әдістері

Зерттеу мақсатына жету үшін, ең алдымен, статистикалық мәліметтерге талдау жасалды. Ол үшін көкөніс өнімдерінің өндірісі бойынша статистикалық мәліметтерді Қазақстанның аймақтары тұрғысынан зерттелінді, соның ішінде елдің мұнайлы өңіріне назар аударылды.

Көкөніс шаруашылығын дамытудың ұйымдастырушылық-экономикалық әдіснамасы кешенді және жүйелі ұстанымға негізделген. Кешенді ұстаным көкөніс нарығын дамытуды басқаруға әсер ететін нарықтық факторлар жиынтығын ескереді. Жүйелі ұстанымды қолдану көкөніс шаруашылығының ерекшеліктерін ескере отырып, сыртқы және ішкі ортаның факторлар тұрақсыздығын, әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында мемлекеттік қолдау деңгейін ескеретін өзара байланысты элементтер жиынтығын қарастырады.

Бастапқы мәліметтер ретінде нарық жағдайында есеп беру, бағалау және

талдау процедураларын реттейтін ресми заңнамалық, нұсқаулық және нормативтік құжаттар, статистикалық органдардың материалдары, аймақтық жағдайдағы республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуына шолу нәтижелері пайдаланылды.

Зерттеу Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде «Атырау облысы мысалында экологиялық таза көкөністер нарығын маркетингтік зерттеу және талдау» ғылыми жобасы аясында жүргізілді.

Нәтижелер

ЭЫДҰ-ң 2020-2029 жылдарға арналған ауыл шаруашылық болжамына сәйкес, кезінде болған пандемия алдағы 10 жыл ішінде сұранысты азайтады және азық-түлік қауіпсіздігін бұзуға қауіп төндіреді. Қысқа мерзімді пандемия мен қазіргі уақыттағы жанар-жағармай материалдарына бағаның өсуі жағдайында өңірдегі резервтерді анықтау дағдарысының экономикалық және әлеуметтік әсері әлемдік ауыл шаруашылық өндірісі мен азық-түлікті тұтынудың жалпы позитивті орта мерзімді болашағын бұзады.

Көкөніс өндірісін қарқынды дамытудың экономикалық тиімділігін арттыру мәселелерін зерттеу оның факторлары мен шарттарын анықтау және экономикалық талдау мен болжау бағытында практикалық ұсыныстар әзірлеуді басты мақсат етіп қояды.

Зерттеулер көрсеткендей, пандемия кезінде балғын көкөністерге деген қажеттілік артты. Халық үшін бұл иммунитетті табиғи жолмен нығайтуға, демек, өз денсаулығы үшін алаңдауын азайтуға мүмкіндік береді.

Сарапшылар коронавирус пандемиясы мен әлемдік жанар жағармай материалдарына бағаның өсуі жағдайында өңірдегі резервтерді анықтау дағдарыстан кейін әлем бұрынғыдай болмайды деп болжады. Әсіресе мұнайлы аймақ үшін: көптеген мұнай компаниялары тоқтап қалды, карантиндерден және өзін-өзі оқшаулау жағдайынан өте әлсіреді, көптеген жұмыс орындары қысқарды. Бұл компаниялардың қызметкерлері жұмыссыздардың санын көбейтіп, мәжбүрлі ақысыз демалыста болды немесе жұмыстан босатылды. Алайда, ауыл шаруашылығы, оның ішінде көкөніс өсіру, пандемиядан басқа салаларға қарағанда ең аз зардап шеккен салалардың бірі ретінде көрінді. Сондықтан облыста көкөніс шаруашылығын дамыту жұмыссыздық мәселесін шешуге мүмкіндік берді.

Ауыл шаруашылығын дамыту мүдделері елдің мемлекеттік саясатының басым бағыты болып табылады. Осыған байланысты көкөніс өнімдерінің сапасын жеткізіп берушіден өндірушіге, содан кейін тұтыну-

шыға дейінгі барлық кезеңдерінде сақтау үшін шұғыл шаралар қабылдау өте қажет.

Көкөніс шаруашылығын дамытудың элеуметтік тиімділігі генетикалық түрлендірілген организмдер мен химиялық тыңайтқыштарды қоспай, топыраққа, суға және биологиялық жүйеге қамқорлық жасай отырып, органикалық тыңайтқыштарды қолдана отырып, жергілікті шаруалардың, шаруа қожалықтарының және жеке қосалқы шаруашылықтардың органикалық көкөніс өнімдерін өндіруді ынталандыру болып табылады.

Статистикалық сандарға сәйкес 2023 жылдың қаңтар-желтоқсанында жалпы ауыл шаруашылық өндіріс көлемі республика бойынша 8 трлн. 723,1 млрд. теңге болған, ол 2022 жылғы қаңтар-желтоқсанындағы көрсеткіштен 7,7%-ға кеміген. Ауыл шаруашылықтағы өндіріс өнім көлемінің азаюы өсімдік шаруашылығы өнім көлемінің 14,6%-ға азаюымен түсіндіріледі. Мамандардың өсімдік шаруашылығында өндіріс көлемінің кемуіне өткен жылдағы құрғақшылық және егін жинау кезінде болған мол жаңбырдың әсерінен мәселелер туындаған, егін жинау жұмыстарының қарқынын төмендетіп, бидайдың сапасын нашарлатқан.

Ұлттық экономикада ауыл шаруашылық саласы басымдыққа ие, барлық ауыл тауар

өндірушілерін ҚР АӨК дамыту Бағдарламасы бойынша мемлекеттік қаржылық қолдау жасалады.

Қазақстанның батысында орналасқан Атырау облысының ауа райы, қолайсыз рельефті-топырақтық ерекшеліктер, өңірдегі елді-мекендердің шашыраңқы орналасуы, жол сапасының нашарлығы, облыстың шекаралық орналасуы Атырау облысында ауыл шаруашылығының жақсы дамуына, әсіресе, көкөніс шаруашылығын дамытуда бірқатар мәселелер туындатады және ауыл шаруашылығы өндірісінің, оның ішінде өңірдің көкөніс шаруашылығының перспективалық өсуі мәселелеріне ерекше назар аударуды талап етеді.

Атырау облысы көкөніс дақылдарын өсіру бойынша бай тәжірибесі бар, жылдан-жылға көкөніске сұраныс жоғарылауда, статистикалық мәліметтерден көргендей, орта есеппен көкөніс көлемінің 70 пайызы балғын күйінде өтеді, ал мұздатылған көкөніске деген сұраныс 1 пайызға өскен.

Қазақстан Республикасы статистикалық деректері бойынша (1 кесте) республикада жан басына шаққандағы көкөніс өнімдерін тұтынудың бес жылдық кезең аралығын қарастырсақ, жан басына шаққанда 9,36%-ға немесе 8,1 кг-ға кеміді. Атырау облысы бойынша да бұл аралықта тұтыну азайған.

1 кесте – Жан басына шаққандағы көкөністі тұтыну көлемі (кг)

Жыл	Ең төменгі норма	Қазақстан Республикасы	Атырау облысы
2019	55,14	86,6	67,2
2020	55,14	86,4	72,0
2021	55,14	80,6	62,4
2022	55,14	77,6	62,5
2023	55,14	78,5	66,8
2023ж. 2019ж. қатысы:			
абсолюттік (+,-)	-	- 8,1	-0,4
салыстырмалы (%)	-	90, 64	99,4

Ескерту: Ұлттық статистика Бюросы Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі мәліметтері бойынша авторлар құрастырған

2023 жылы 2019 жылмен салыстырғанда Атырау өңірінде көкөністер мен бақша өнімдерін тұтыну жан басына шаққанда 0,4 киллограмға немесе 0,6 %-ға кеміген. Сонымен қатар, 5 жыл ішінде бұл тағамдарды тұтынудың біртіндеп азайғаны байқалады. Отандық тауарлар сапасына қарағанда елде қайда төмен импорт тамақ өнімдерін тұтыну үлесінің азайғанын көруге болады. Республикада халықтың отандық көкөніс өнімдеріне деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін үлкен мүмкіндіктер бар.

Алайда әлі күнге шейін республикаға сырттан көкөніс тасып әкелінеді.

Қазақстан Республикасы мен Атырау облысы бойынша көкөністерді егу және жинау жөнінен статистикалық мәліметтерді қарастырдық, 2019-2023 жылдары елдегі көкөніс өнімдерін өндіруді 2 кестеден көруге болады. Бұданкелесідей қорытынды жасауға болады: елімізде ауыл шаруашылық саласын кеңейту бойынша республикалық бағдарламалардың іске асуы нәтижесінде аталған сала табысты да тиімді даму кезеңіне өтті.

2 кесте – Қазақстан Республикасы және Атырау облысы бойынша 2019-2023 жылдарға арналған көкөніс өнімдерін өндіру

Жыл және өзгеріс	Егіс алқабы, мың га		Жинау ауданы, мың га		Жалпы өнім, мың тонна		Шығымдылығы, ц/га	
	ҚР	АО	ҚР	АО	ҚР	АО	ҚР	АО
2019	152,3	2,6	152,3	2,6	4 081,9	78,2	257,3	294,0
2020	159,1	2,6	159,1	2,6	4 355,2	81,9	260,5	299,7
2021	163,6	2,7	163,6	2,7	4 590,9	90,2	265,9	324,3
2022	168,6	2,7	168,6	2,7	4 768,5	99,5	268,0	345,8
2023	165,9	3,0	165,9	3,0	4 741,1	101,1	274,6	358,5
2023ж. 2019ж. салыстырғанда +,- %	13,6 108,9	0,4 115,4	13,6 108,9	0,4 115,4	659,2 116,1	22,9 129,3	17,3 106,7	64,5 121,9
2023 жылы Атырау облысының құрылымдағы үлесі, %	-	1,8	-	1,8	-	2,1	-	130,5
Ескерту: Ұлттық статистика Бюросы Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі мәліметтері бойынша авторлар құрастырған. *ҚР-Қазақстан Республикасы, АО- Атырау облысы								

2023 жылы Қазақстан Республикасы бойынша көкөніс шаруашылығының өндіріс көлемі 659,2 мың тоннаға тең болған, 2019 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 16,1%-ға артқан, ол көкөніс өнімі егін шығымдылығы 6,7%-ға немесе 17,3 ц/га артқандықтан және егістік алқаптың көлемі 8,9%-ға ұлғаюы арқасында мүмкін болған, яғни бұл 13,6 мың гектарды құрайды.

Ел бойынша көкөніс дақылдарын жалпы жалпы жинау құрылымындағы Атырау өңірінің үлес салмағы 2%-дан жоғары болған, қарастырылған кезеңде көкөніс бойынша егін 29,3%-ға өскен, яғни 22,9 мың тонна. Атырау өңірінде көкөніс көлемінің өсуі егіс алқабының 15,4%-ға артуынан мүмкін болған, яғни бұл 0,4 мың га-ға тең, көкөніс өнімділігі 21,9%-ға, яғни 64,5 ц/га-ға артқан.

Өсірілген көкөніс дақылдарының жалпы жиналуына дақылдардың, көшеттердің өспеуі тікелей әсер етеді. Дақылдар мен отырғызылған көшеттердің өспеуінің себептері табиғи-климаттық факторлар мен ауыл шаруашылық кәсіпорындарының кінәсі болуы мүмкін.

Әр фактордың әсері әр түрлі жағдайлар мен себептерге байланысты. Айталық, көкөніс егіс алқабының көлемі мен құрылымы көкөніске сұраныстың артуынан, көкөніс нарығындағы бәсекелестікке, өнім бағасына, саланың мамандануына еңбек, жер, материалдық, техникалық, қаржылық, т.б. ресурстардың болуы мен жай-күйіне, тұқымдар мен мал азығына ішкі қажеттіліктерге, көкөніс дақылдарының түрлерін өндірудің тиімділігіне және т.б. байланысты.

Ұйымдастырушылық тұрғыдан алғанда, фермерлер тұзсыздандыру қондырғыларын, жер асты суларын өндіруді, су құбырларын және су қоймаларын қоса алғанда, су ресурстары мен инфрақұрылымды басқарумен айналысатын қауымдастықтарға бірігеді. Бұл қауымдастықтар жергілікті және аймақтық саясаткерлермен және мемлекеттік органдармен тығыз байланыста.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының экономикалық тиімділігі ауыл шаруашылық кәсіпорындарының тұрақты өсуі мен дамуы, көкөніс өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру сияқты көптеген элементтерді қамтиды (Constantin M., Sacală M.D., Dinu M. et al.) [12].

Көкөніс шаруашылығы мен көмекші салалар жергілікті жұмыспен қамтуды тікелей қамтамасыз еткен болар еді. Жұмыспен қамтудың үш негізгі бағыты бар: далалық жұмыстармен, көкөністер мен жемістерді буып-түюмен және жеткізумен айналысатын біліктілігі төмен жұмысшылар; қосалқы өндірістерде, көлікте және басқа да қосалқы қызметтерде жұмыс істейтін орта білікті жұмысшылар; өсімдік шаруашылығын басқару, сапаны бақылау, кеңес беру және маркетингпен байланысты жоғары білікті мамандар; инновациялар және әзірлемелермен айналысатын ғалымдар мен техниктердің бір бөлігі.

Көптеген елдер тәжірибесіне шолу жасалып, органикалық өнімдер нарығы бүкіл әлемде сенімді қарқынмен өсуде екендігі анықталды. Қазіргі уақытта өндіріс бұрынғыға қарағанда тез өсуде, оны статистикалық мәліметтерден де көруге болады, сондықтан нарық сұранысын жақсырақ

қанағаттандыру және импортқа тәуелділікті азайту мүмкіндігі бар (Willer H.) [13].

Польша, Дания, Эфиопия, Оңтүстік Америка және Оңтүстік Корея сияқты елдерде экологиялық бағдарламаларды белсенді түрде қарастыруда, барынша экологиялық бағдарламаларға ұмтылу жаңа өнеркәсіптік төңкеріске әкелуі мүмкін және ауыл шаруашылығын әрі қарайғы тұрақты интенсификациялауға ықпал етеді (Wojciechowska-Solis J., Barska A.) [14].

Филлипин тәжірибесін қарастырған ғылыми еңбекте коммерциялық көкөніс шаруашылығын дамыту осы елдің фермерлік қауымдастығындағы күнкөріс көзі ретінде қарастырылады. 1971-1988 жылдар арасында бұл елде халықтың өсімі де және ауыл шаруашылығының қарқындылығы да бірден күрт өскен, оны ауыл шаруашылығы жүйелерін кеңейту арқылы бақша өсіруге күш салу мен көкөніс шаруашылығында еңбек өнімділігінің екі, үш есе өсуі дәлелдейді.

1988 жылы еңбек өнімділігінің артуының басты себебі нарықтық мүмкіндіктердің кеңеюі, өндіріс пен өткізу тиімділігінің жоғарылауы, технологиялық өзгерістер болды. Бүгінде осы өзгерістер бақша өндірісін, көкөніс шаруашылығын ең тартымды салаға айналдырды, қауымдастық тұрғындарының экономикалық және әлеуметтік жағдайлары жақсарып, жергілікті даму үрдісіне ықпал етудегі мемлекеттің рөлінің өзгеруімен байланысты болды.

Ауыл шаруашылық саласындағы шаруашылық субъектілер санының өсуі оның көлемі жағынан және өндіріс көлемінің артуы болып табылады, яғни көкөніс өндірісінің артуы, сату құнының көбеюі, жұмыс жасайтын жұмыскерлер санының көбеюі және т.б. Ауыл шаруашылығының дамуы дегеніміз осы саланың шаруашылық субъектілерінің сапалық жағынан жақсаруы, материалдық-техникалық жағынан жаңаруы, озық технологияларды қолдану, еңбекті ғылыми тұрғыдан ұйымдастыру жағынан оң өзгерістердің болуы.

Кооперативтер егінді жинаудан кейінгі, логистикалық және тамақ өнімдерінің қадағаланатын тізбегін басқарудың заманаи жүйесін енгізеді. Айталық, Испания елі жемістер мен көкөністерді әлемдік экспорттауда алдыңғы орындарда, 12 млн тонна өнім өндірісе, соның ішінде Альмерия деген өңірі осының 25%-ын өндіреді екен. 30 мың гектар жерді алып жатқан полиэтилен жылыжайы бүкіл Испания елінің барлық жылыжайларының 50%-ын алады. Бір жылда өндірілген көкөніс өнімінің көлемі 3 227 923 тонна болып, 2,2 млрд. еуроны

құраған, Еуро Одақ елдерімен салыстырғанда еңбек өнімділігі 30 есе жоғары, өндірілген өнімнің 70%-ын экспорттайды, 500 миллионнан астам тұтынушылары бар.

Ауыл шаруашылығы дамыған елдерде көптеген тұтынушылар жемістер мен көкөністерді тұтынудың ұсынылған тәуліктік нормасын ала алмайды. Алайда, өндірілген жемістер мен көкөністердің едәуір бөлігі бұзылып, босқа тасталуда. Тұрақты салауатты тамақтану мен қоршаған ортаға әсерін азайтуда тасталынған жемістер мен көкөністерді қосылған құнмен қайта өңдеу мүмкіндіктері бар (Augustin M.A., Sanguansri L., Fox E.M. et al.) [15].

Бірнеше зертханалар халықаралық деңгейде келісілген және ISO 17025 стандартына сәйкес келетін озық аналитикалық әдістерді пайдаланады, бұл, басқалармен қатар, өсімдіктерді қорғау құралдарының қалдық құрамының шекті рұқсат етілген деңгейлеріне қатысты халықаралық заңнамаға сәйкес шығуларды қамтамасыз етеді.

Мысалы, Альмерия университетінде Еуропалық комиссияның жеміс-көкөніс қауымдастығының анықтамалық зертханасы, Денсаулық сақтау және азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі бас директорат орналасқан. Өндіріс өсу кезінде және егін жинаудан кейін нарыққа шыққанға дейін қалдықтардың болуын бақылайды. Осы нысандарда әзірленген технологиялар мен әдістемелер сапаны бақылау кезеңдерінде биоөңдеу зауыттарына қолдау көрсетеді, сондай-ақ ауыл шаруашылық биомасса қалдықтарында немесе ақаулы өнімдерде болуы мүмкін құнды қосылыстарды анықтайды.

Талқылау

Соңғы бес жылда пандемиядан кейінгі факторларға қарамастан, ауыл шаруашылығы салаларында оң динамика байқалады. Көкөністердің жалпы жиналуының біртіндеп артуы байқалады, бұл республикалық және жергілікті бюджеттерден ауыл шаруашылығын қаржыландырудың және АӘК дамытудың республикалық жоспарын іске асырудың өсуімен түсіндіріледі. Жергілікті шаруашылық өзінің егіс алқабын 160-тан 300 гектарға дейін ұлғайтып, күзде 5 мың тоннадан астам ауыл шаруашылығы өнімін жинамақшы, бұл да бағаны тұрақтандыруға ықпал етеді. Қазақстанда, соның ішінде Атырау өңірінде де көкөніс шаруашылығын дамытудың мүмкіндіктері зор.

Қазіргі табысты агроөнеркәсіптік өндіріс жүйесі агрономия ғылымы бағытында үздіксіз күш-жігерсіз, сонымен бірге жергілікті

жерде жаңадан әзірленген ғылыми-техникалық тәсілдерді сынақтан өткізуге мүмкіндік беретін жаңа технологияларды әзірлеусіз ешқашан шындыққа айналмас еді. Ғылым мен техникаға қатысты құрылымдар құру және дамыту қажет, егер әр түрлі мүдделі тараптар: фермерлер, селекционерлер, агрономдар, жалпы өнеркәсіп, қаржылық операторлар мен ғалымдар арасында берік байланыстар мен одақтар құрылса жаңа идеялар мен технологиялар пайда болып, көкөніс шаруашылығының жақсаруына ықпал еткен болар еді. Осылайша, инновациялық тәсіл әлеуметтік-экономикалық ортаға жетудің жалғыз жолы болады.

Қорытынды

1. Атырау облысында көкөніс шаруашылығын коммерцияландыру және оны дамытуда фермерлік кооперативтерді дамыту қажет. Ол үшін кооперативтер негізінде күшті коммерциялық инфрақұрылым құрып, оны нығайту керек.

2. Көкөніс шаруашылығында фермерлер ауыл шаруашылық дақылдарын қауіпті зиянкестерден және табиғат бұзылуларынан сақтау үшін экономикалық жағынан тиімді жылыжайларды қолданған дұрыс. Жоғары технологияларды қолдану аз шығын жұмсай отырып, мысалы табиғи ресурстар, оның ішінде суды аз қолдана отырып, аз шығындармен жоғары өнімділікті алуға мүмкіндік береді. Негізгі жаңашылдық бойынша әзірлемелер көкөністің су мен қоректік заттарды қаншалықты қажет ететіндігін анықтайтын құралдарды қою арқылы суды үнемдеуге мүмкіндік береді.

3. Тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғау құралдарын пайдалану. Жаңартылмайтын көздерден келетін тыңайтқыштардан биотехнологиялық процестерге негізделген жаңа тыңайтқыштарға, негізінен мал шаруашылығынан келетін органикалық тыңайтқыштарды пайдалана отырып, көкөніс шаруашылығын жүргізу.

4. Көкөніс шаруашылығын дамытуда үнемі өсімдіктер мен көкөністердің жаңа сорттарын шығару, оларды сынау және енгізу үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыру керек. Бұл өндірісте аз шығынмен өнімділікті арттыруға мүмкіндік береді. Селекционерлер климаттық жағдайға қарай көкөністердің сапасын, сақтау мерзімін, олардың адам денсаулығына пайдалы қасиеттерін жақсартуға немесе бейімделуіне көбірек көңіл бөлу керек. Ал биомасса қалдықтары мен сапасы төмен ақауы бар өнімдерді қайта өңдейтін цехтар ашуға да назар аудару керек.

5. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы бағытындағы жоғары оқу орындарының негізгі тәжірибесі фермерлерді, компанияларды және кәсіпкерлерді қолданбалы зерттеулермен, әзірлемелермен және инновациялармен қолдау арқылы осы сектормен байланысты болуы керек.

Университеттің жеке ресурстарынан басқа, жеке коммерциялық емес ғылыми орталықтар маңызды әзірлемелер мен инновацияларға үлес қосады. Көкөніс шаруашылығын дамытуда инвесторларды тарту керек.

Ауданда жұмыс орындарының маңызды және қосымша көзі болып табылатын өндіріс құралдарын, тыңайтқыштарды, көліктерді, жылыжай материалдары мен пластмассаларды жеткізуге байланысты кәсіпорындар құру, биологиялық зиянкестермен күресуді қолдайтын және өсімдік шаруашылығына қажетті пайдалы жәндіктерді қамтамасыз ететін биотехнологиялық биологиялық бақылау компанияларын құру керек. Осындай компаниялар өте жоғары білікті жұмыс күшін тарта отырып, ауыл шаруашылығы бағытындағы университетпен екіжақты келісімдер арқылы жүзеге асырылатын ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуді ұйымдастыру керек.

Авторлардың үлесі: Сабирова Рысты Куандиковна: тұжырымдамалау, әдіснамалау, қорытындылау, редакциялау, басылмды өңдеу; Дінғазиева Мейрамгүл Дүзелбайқызы: статистикалық мәліметтер жинау және оларды талдау, зерттеу нәтижелерін талқылау; Файзилова Дилафруз Шухратовна: әдебиеттерге шолу жасау, визуализация.

Мүдделер қақтығысы: мақаланың авторлары мүдделер қақтығысының жоқ екендігін мәлімдейді.

Зерттеуді қаржыландыру көзі. Зерттеу Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Ғылыми Кеңесінің шешімімен университетішілік гранттық қаржыландыру шеңберінде жүргізілді «Атырау облысы мысалында экологиялық таза көкөністер нарығын маркетингтік зерттеу және талдау» ғылыми жобасы (Тіркеу нөмірі 0123РКИ0171).

Әдебиеттер тізімі

[1] Сатыбалдин, А.А. Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігі: жағдайы және мүмкіндігі /А.А.Сатыбалдин, Г.Қ.Темирова, Т.А.Жүнісбекова// Экономика: стратегия и практика. – 2020. – №2(15). – Б.5-14.

[2] Ыдырыс, С.С. Азық түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өзекті мәселелері / С.С.

Ыдырыс, А. Дүйсенбекұлы, Г.А. Пазилев //Проблемы агрорынка. – 2023.– №3.– Б.24-33.

[3] Stadnyk, V. The Concept of Marketing of Balanced Development and Features of its Implementation in the Food Market / V.Stadnyk, G. Pchelianska, Y.Holovchuk, L.Dybchuk //Agricultural and Resource Economics. – 2020. – №3(6). – P.80-95.

[4] Watson, S.C.L. Does agricultural intensification cause tipping points in ecosystem services? / S.C.L. Watson, A.C. Newton, L.E. Ridding, P.M. Evans, S. Brand, M. McCracken, A.S. Gosal, J.M. Bullock // Landscape Ecology. – 2021. – Vol.36. – P. 3473-3491.

[5] Storozum, M. Investigating environmental changes as the driving force of agricultural intensification in the lower reaches of the Yellow River: A case study at the Sanyangzhuang site/ M. Storozum, H.Liu, X. Zhang, T.R. Kidder // Quaternary International. – 2019. – №521. – Vol. 521. – P. 25-34.

[6] Perrin, C. An analytical framework to consider social justice issues in farmland preservation on the urban fringe. Insights from three French cases/ C. Perrin, B. Nougaredes // Journal of Rural Studies.– 2022.–Vol.93.– P. 122-133. <https://doi.org/10/1016/j.jrurstud.2020.07.007>

[7] Jeswani, H.K. Environmental impacts of vegetables consumption in the UK / H.K. Jeswani, A. Azapagic // Science of The Total Environment. – 2019. – №10(682). – P. 80-105.

[8] Tamburini, G. Pollination contribution to crop yield is often context-dependent: A review of experimental evidence/ G. Tamburini, R. Bommarco, D.Kleijn, W.Putten, L.Marini // Agriculture, Ecosystems & Environment. – 2019. –№1(280). – P.16-23.

[9] Нурпеисова, А.А. «Қазақстан Республикасында өсімдік шаруашылығының жалпы өнімнің нүктелік және интервалдық болжауы / А.А. Нурпеисова, Б.Ж. Нурахова // Central Asian Economic Review. – 2022. – (4). –Б.6-18. <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2022-4-6-18>.

[10] Гриднева, Е.Е. Овощеводство Республики Казахстан в условиях пандемии / Е.Е. Гриднева, Г.Ш.Калиакпарова // Проблемы агрорынка. – 2021. – №1. – С.101-107. <https://doi.org/10.46666/2021-1-2708-9991.12>

[11] Болатбек, Б.Б. Прогноз устойчивого развития органического растениеводства Казахстана (масличные культуры) / Б.Б. Болатбек, М.С. Бектурганова, Г.С. Сатбаева, Н.А. Абилкайыр // Economics: the strategy and practice. – 2023. – №3(18). – С.56-67. <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2023-3-56-67>

[12] Constantin, M. Vegetable Trade Flows and Chain Competitiveness Linkage Analysis Based on Spatial Panel Econometric Modelling and Porter's Diamond Model / M. Constantin, M-D. Sacală, M. Dinu, S. Roxana Pătărlăgeanu, I-D. Munteanu//Agronomy.–2022.–12(2).–P.411-438 <https://doi.org/10.3390/agronomy12020411>

[13] Willer, H. Organic agriculture worldwide 2018: current statistics. In: Research Institute of Organic Agriculture (FiBL), Frick, Switzerland [Electronic resource].- 2018.- URL: <https://www.orgprints.org/id/eprint/37557/1/willer-et-al-2020-glob-al-stats.pdf> (date of access: 14.06.2024).

[14] Wojciechowska-Solis, J. Exploring the Preferences of Consumers' Organic Products in Aspects of Sustainable Consumption: The Case of the Polish Consumer /J. Wojciechowska-Solis, A. Barska// Agriculture. – 2021. – 11(2). –P.138-155 <https://doi.org/10.3390/agriculture11020138>

[15] Augustin, M.A. Recovery of wasted fruit and vegetables for improving sustainable diets / M.A. Augustin, L. Sanguansri, E.M. Fox, L. Cobiac, M.B. Cole // Trends in Food Science & Technology. – 2020. – Vol.95. – P.75-85.

References

[1] Sabtybaldin, A.A., Temirova, G.Q., Jünisbekova, T.A. (2020). Qazaqstannyñ azyqtılık qaupsızdıǵı: jaǵdaiy jáne mümkindiǵı [Food security of Kazakhstan: state and opportunities]. *Ekonomika: strategiya i praktika.- Economics:the strategy and practice*, 2(15), 5-14 [in Kazakh].

[2] Ydyrys, S.S., Dүйсенбекұлы, А., Пазилев, Г.А. (2023). Азық түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өзекті мәселелері [Current aspects of ensuring food security]. *Аграрлық нарық проблемалары - Problems of AgriMarket*, 3, 24-33 [in Kazakh].

[3] Stadnyk, V., Pchelianska, G., Holovchuk, Y., Dybchuk, L. (2020). The Concept of Marketing of Balanced Development and Features of its Implementation in the Food Market. *Agricultural and Resource Economics*, 3(6), 80-95 [in English].

[4] Watson, S.C.L., Newton, A.S., Ridding, L.E., Evans, P.M., Brand, S., McCracken, M., Gosal, A.S., Bullock, J.M. (2021). Does agricultural intensification cause tipping points in ecosystem services? *Landscape Ecology*, 36, 3473-3491[in English].

[5] Storozum, M., Liu, H., Zhang, X. and Kidder, T.R. (2019). Investigating environmental changes as the driving force of agricultural intensification in the lower reaches of the Yellow River: A case study at the Sanyangzhuang site. *Quaternary International*, 521, 25-34 [in English].

[6] Perrin, C., Nougaredes, B. (2020). An analytical framework to consider social justice issues in farmland preservation on the urban fringe. Insights from three French cases. *Journal of Rural Studies*. DOI: <https://doi.org/10/1016/j.jrurstud.2020.07.007>. [in English].

[7] Jeswani, H.K., Azapagic, A. (2019). Environmental impacts of vegetables consumption in the UK. *Science of The Total Environment*, 682 (10), 80-105 [in English].

[8] Tamburini, G., Bommarco, R., Kleijn, D., Putten, W., Marini, L. (2019). Pollination contribution to crop yield is often context-dependent: A review of experimental evidence. *Agriculture*,

